



10 – сынып геометрия. 13 – ші сабақ тапсырмалары.

Кубтың, призманың және пирамиданың қималары

№1. $ABCD A_1 B_1 C_1 D_1$ кубының BD_1 төбелері және CC_1 қырының ортасы арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңыз (1 – сурет). Қиманың түрін анықтаңыз.



1 – сурет



2 – сурет

№2. $ABCD A_1 B_1 C_1 D_1$ кубының AB , BC және $A_1 D_1$ қырларының орталары арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңыз. Қиманың түрін анықтаңыз.


№3. $ABCD A_1 B_1 C_1 D_1$ кубының A , C төбелері және $A_1 D_1$ қырының ортасы арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңыз. Қиманың түрін анықтаңыз.

№4. $ABCD A_1 B_1 C_1 D_1$ кубының C_1 төбелері және AB және AD қырларының орталары арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңыз (1 – сурет). Қиманың түрін анықтаңыз.


№5. 2 – суреттегі кубының E , F , G нүктелері арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңыз.

№6. $ABCA_1 B_1 C_1$ дұрыс үшбұрышты призманың AA_1 , BB_1 және $B_1 C_1$ қырларының орталары арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңыз (3 – сурет). Қиманың түрін анықтаңыз.

№7. $ABCDEF A_1 B_1 C_1 D_1 E_1 F_1$ дұрыс алтыбұрышты призманың A , B және D_1 төбелері арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңыз (4 – сурет).




3 – сурет




4 – сурет

№8. $ABCA_1B_1C_1$ дұрыс үшбұрышты призманың AA_1 , BC және A_1C_1 қырларының орталары арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңыз (5 – сурет).

№9. 6 – суреттегі кубтың E , F , G нүктелері арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңыз.




5 – сурет




6 – сурет

№10. $SABCD$ дұрыс төртбұрышты пирамиданың A төбесі және SB мен SD қырларының сәйкесінше E және F орталары арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңыз (7 – сурет).



7 – сурет



8 – сурет

№11. $SABCDEF$ дұрыс алтыбұрышты пирамиданың A , B төбелері және SD қырының K ортасы арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңыз (8 – сурет).

№12. Келесі көпбұрыштар кубының қимасы болуы мүмкін бе: а) дұрыс бесбұрыш; ә) дұрыс алтыбұрыш; б) жетібұрыш?